Зейнуллин Раймбек Бақытжанұлының «8D03102 – Мәдениеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақ және ноғай халықтарының мәдени артефактілерін компаративистикалық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу қазақ және ноғай халықтарының мәдени жәдігерлерін салыстырмалы тұрғыда талдауға бағытталған және олардың тарихи-мәдени дамуындағы ортақ белгілер мен ерекшеліктерді мәдениеттанулық негізде айқындауды мақсат етеді. Зерттеу аясында мәдени жәдігер ұғымы этномәдени жадтың, символдық жүйенің және дәстүрлі дүниетанымның маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылып, қазақ және ноғай халықтарының этногенездік сабақтастығы мен Алтын Орда кезеңінен бастау алатын ортақ мәдени кеңістігі сараланады. Сонымен қатар, олардың материалдық-тұрмыстық өмір салты мен рухани мұрасы теориялық және тәжірибелік тұрғыда зерделеніп, қазақ-ноғай мәдени мұрасын жаңғыртудың негізгі бағыттары анықталады.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Жаһандану жағдайында әрбір ұлт өзіне тән ерекшеліктерін сақтап, одан әрі дамытуға ұмтылады. Бұл үдеріс этностың өзін-өзі сақтауына бағытталған ұжымдық бейсаналық қорғаныс механизмі ретінде көрініс тауып, глокализация құбылысымен тығыз сабақтасады. Қазіргі кезеңде мәдениеттер арасындағы қарқынды ықпалдастықтың күшеюі, әмбебаптық үрдістердің тереңдеуі және мәдени шекаралардың шартты сипатқа ие болуы мәдениеттанулық әрі философиялық талдаудың маңызды нысанына айналып отыр. Осыған байланысты ұлттық мәдени саясатты ғылыми тұрғыдан негіздеу ерекше өзектілікке ие, өйткені мемлекеттің жаһандық кеңістіктегі орны оның мәдени даму стратегиясымен айқындалады. Бұл жағдай ұлттық қауіпсіздік пен этнопсихологиялық қорғаныс тетіктерін қалыптастыру қажеттілігін де алға шығарады.

Зерттеудің өзектілігі қазақ халқының мәдени жәдігерлерін зерделеу және оларды ноғай халқының мәдени дәстүрлерімен салыстырмалы түрде талдау арқылы олардың тарихи-генетикалық және мәдени тұтастығын айқындаумен байланысты. Алтын Орда кезеңінен бастау алатын ортақ мәдени кеңістік негізінде екі халықтың дүниетанымдық жүйесі мен мәдени кодтарының сабақтастығы анықталады. Зерттеу нәтижелері қазақ және ноғай халықтарының мәдени мұраларын салыстырмалы-мәдениеттанулық тұрғыда қарастыру арқылы олардың ортақ түркілік негізін, тарихи жалғастығын және мәдени трансформацияларын жүйелі түрде ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар,

ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтуға бағытталған мәдени модельдерді қалыптастырудың қажеттілігі негізделеді.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Қазақ және ноғай халықтарының мәдени артефактілерін салыстырмалы тұрғыдан талдау мәселесі қазіргі гуманитарлық ғылымда өзекті бағыттардың бірі болғанымен, дербес әрі кешенді зерттеу нысаны ретінде толық қалыптасқан жоқ. Түркі халықтарының этногенезі мен тарихи-мәдени дамуына арналған іргелі еңбектерде қазақ пен ноғай халықтарының ортақ бастаулары тарихи, саяси, лингвистикалық және әдеби қырынан қарастырылғанымен, мәдениеттанулық компаративистік зерттеулер жеткіліксіз деңгейде дамыған.

Аталған мәселенің жекелеген қырлары Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат-ат түрік» еңбегінде және Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасында жалпылама сипатта көрініс табады. XVIII–XIX ғасырларда ресейлік зерттеушілер Тұран кеңістігін мекендеген халықтарды қарастырғанымен, оларды көбіне тұтас аймақ ретінде сипаттап, салыстырмалы талдау жүргізуге жеткілікті мән бермеген. Мәселен, Василий Бартольд және Лев Гумилев еңбектерінде түркі халықтарының тарихи-мәдени дамуы кеңінен сипатталады. Қазақ және ноғай халықтарына қатысты этнографиялық пайымдаулар Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерінде көрініс тапса, қазақ мәдениеті Әлкей Марғұлан мен Серғали Толыбеков зерттеулерінде жүйелі түрде талданған.

Көшпелі өркениет пен мәдени үдерістер Нұрболат Масанов еңбектерінде қарастырылса, рухани мұра мәселелері Тұрсын Жұртбай зерттеулерінде сараланады. Ноғай мәдениеті Александр Самойлович, Сергей Кляшторный және Мурад Магомедов еңбектерінде зерделенген.

Шетелдік ғылымда түркі мәдениетін салыстырмалы зерттеу Жан-Поль Ру, Аннемари фон Габайн, Томас Барфилд еңбектерінде көрініс тапса, мәдени жад теориясы Ян Ассман зерттеулері арқылы негізделген.

Соған қарамастан, мәдени артефакт ұғымы мәдениеттанулық тұрғыдан кешенді сипатта жүйеленбеген. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулер мен тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулердің жеткілікті деңгейде жүйеленбеуі бұл мәселенің толыққанды қарастырылуына кедергі келтірді. Осыған байланысты қазақ және ноғай халықтарының мәдени артефактілерін салыстырмалы талдау қазіргі мәдениеттану ғылымындағы өзекті әрі жеткілікті зерттелмеген бағыттардың бірі болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны – мәдени объектілер кешені, атап айтқанда, қазақтар мен ноғайлардың мәдени құндылықтары.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – қазақ және ноғай халықтарының мәдени мұраларындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, олардың материалдық және рухани мәдени жәдігерлері, салыстырмалы-типологиялық және мәдениеттанулық тұрғыдан қарастырылатын мәдени кодтар мен символдық жүйелер.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Жұмыстың мақсаты – Қазақ және ноғай халықтарының мәдени артефактілерін компаративистік, салыстырмалы-мәдениеттанулық және құрылымдық-функционал талдау негізінде зерделеу арқылы олардың мәдени сабақтастығы мен типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындау, сондай-ақ этномәдени бірегейлік пен мәдени байланыстардың тарихи-әлеуметтік тетіктерін анықтау.

Осы мақсатқа сәйкес келесі **міндеттер** қойылды.

– қазақ және ноғай халықтарының тарихи-мәдени өзара байланыстары мен этникалық қарым-қатынастарының тарихи-мәдени және саяси-әлеуметтік құрылымын тұтастай зерттеу әдіснамасы мен негіздер ретінде бағамдау;

– жәдігер түсінігінің концептуал негіздемелерін ашып көрсете отырып, қазақ және ноғай халықтарының материалдық және рухани мәдени артефактілерін анықтау, жүйелеу және оларды салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерделеу;

– қазақ және ноғай халықтарының көне дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі материалдық мәдениет жетістіктерін мәдени антропология тұрғысынан қарастырып, оларға құрылымдық-функционал талдау жасау;

– мәдени, тарихи және табиғи жәдігерлерге семиотикалық талдау жүргізу арқылы олардың символдық мәнін ашу, жүйелі тізбесін ұсына келе, олардың қазақ мәдениетіндегі орны мен маңызын айқындау;

– қазақ-ноғай кеңістігіндегі көне түркілік рухани мұралардың генезисі мен эволюциясына ретро-интроспекциялық тұрғыдан үңіліп, мәдени сұхбаттастықтардың перспективасын ашып көрсету;

– мәдени мұраға қатысты жаңа деректер мен ғылыми тұжырымдар қалыптастыру мақсатында тәжірибелік және далалық зерттеулер нәтижелерін мәдениеттанулық тұрғыдан сараптау, жүйелеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі мәдениеттанудың салыстырмалы, антропологиялық, этнологиялық және тарихи бағыттарының әдістеріне, сондай-ақ құрылымдық-функционалдық талдау мен тарихи-типологиялық, картографиялық тәсілдерге негізделеді. Атап айтқанда, салыстырмалы-типологиялық, құрылымдық, мәдениеттанулық, этнографиялық және картографиялық әдістер қолданылды. Осы әдістердің өзара үйлесімді әрі кешенді интеграциясы зерттеу нысанын жан-жақты ғылыми тұрғыдан талдауға және қазақ пен ноғай этностары арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты терең пайымдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

1. Қазақ және ноғай халықтарының мәдени мұралары алғаш рет кешенді салыстырмалы-типологиялық тұрғыда қарастырылып, олардың тарихи-этникалық сабақтастығы мәдени артефактілер мен шежірелік деректер негізінде талданды. Зерттеу барысында генетикалық, антропологиялық, лингвистикалық

және фольклористикалық ортақтықтар негізгі ғылыми дәлелдер ретінде ұсынылды.

2. Қазақ-ноғай арасындағы тарихи тұтастық пен конфедерациялық сипаттағы қатынастар Алтын Орда және Ноғай Ордасы кезеңдері мәнмәтінінде қарастырылып, тарихи-мәдени және әлеуметтік-саяси эволюциясы картографиялық, археологиялық және деректік материалдар негізінде талданды. Түркілік дүниетанымның рухани және материалдық мәдениеттегі орны зерттеу базасы ретінде айқындалды.

3. «Мәдени артефакт» ұғымы концепт ретінде қарастырылып, қазақ және ноғай мәдениетіндегі жәдігерлер материалдық және рухани түрлерге жіктелді. Олар материалдық/мәтіндік форма, символдық мағына және әлеуметтік функция деңгейлері бойынша жүйеленді.

4. Қазақ және ноғай мәдениетіндегі артефактілер (тұрғын үй, киім, қолөнер, ритуалдар) салыстырмалы және құрылымдық-функционал талдау негізінде зерттеліп, тарихи-әлеуметтік мәнмәтінде олардың ұқсастықтары мен өзіндік айырмашылықтарының қалыптасу заңдылықтары анықталды.

5. Екі халықтың рухани мәдениетіндегі (мифология, эпос, музыка) негізгі лейтмотивтер мен композициялық құрылымдардағы изоморфизмдер мен метаморфозалар жіктеліп, олардың қоғамдық өмірдегі функционалдық маңызы айқындалды.

6. Қазақ және ноғай халықтарының символдық әлемі мен дүниетанымдық жүйесі салыстырмалы түрде талданып, олардың көркемдік-эстетикалық қабылдау ерекшеліктері мен қазіргі заман жағдайындағы жаңғырту және дамыту бағыттары ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

1. Қазақ-ноғай халықтарының мәдени сұхбаттастығын зерделеу Еуразия кеңістігіндегі саяси-әлеуметтік тарихи жағдайларды, соның ішінде екі аймақтық құрылымның қалыптасуы, дамуы, конфедерациялық сипаттағы ынтымақтастығы мен ыдырау динамикасын қарастыруды талап етеді. Бұл үдерістер Қадырғали Жалайыри, Мұхаммед Хайдар Дулат, Шоқан Уәлиханов еңбектерімен қатар, Ж. Сәбитов, М. Жабағиннің генетикалық зерттеулері, Н. Масанов, С. Казиевтің этногенездік тұжырымдары, сондай-ақ В. Радлов, Ә. Марғұлан, С. Аманжолов еңбектері негізінде дәйектеледі. Сонымен қатар, «ноғай» этнонимінің қалыптасуы мен дамуын анықтау маңызды ғылыми алғышарт болып табылады.

2. Алтын Орда дәуірі және оның ыдырауы қазақ және ноғай хандықтарының қалыптасуындағы негізгі тарихи кезең ретінде қарастырылады. Ноғай Ордасы, оның билеушілері мен саяси құрылымы, сондай-ақ Хақназар хан мен Едіге тұлғалары этногенездік, тілдік және тарихи деректермен дәлелденеді. «Tartaria», «Nogai», «Comania» карталарындағы геокеңістік шекаралар бұл халықтардың дербес этносаяси бірліктер ретінде қалыптасқанын айғақтайды.

3. Зерттеудің теориялық негізін түркі халықтарының ортақ дүниетанымдық парадигмасы құрайды. Осы тұрғыда мәдени тұрақтылықтар мен синкреттілік құбылыстары Юрий Лотман, Мирча Элиаде, Ян Ассман, Лев Гумилев еңбектері және отандық зерттеушілер тұжырымдамалары негізінде мәдени-антропологиялық тұрғыдан сараланады. Бұл қазақ-ноғай мәдениеттеріндегі архетиптік негіздер мен олардың эволюциясын ашуға мүмкіндік береді.

4. Қазақ және ноғай мәдени жәдігерлері «мәдени жәдігер», «артефакт», «символдық код» ұғымдары аясында феноменологиялық және семиотикалық тұрғыдан талданады. Бұл бағытта Клод Леви-Стросс, Ролан Барт, Мишель Фуко, Жан Бодрийяр, Жак Деррида теориялары негізінде интегративті әдіснама қалыптастырылды. Бұл мәдени жәдігерлерді нарративтік, символдық және мәдени трансфер тұрғысынан кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

5. Қазақ және ноғай халықтарының материалдық мәдениеті компаративистік талдау негізінде қарастырылып, олардың тарихи тұрақтылықтары мен заманауи трансформациялары анықталды. Киім, тұрғын үй (киіз үй), тұрмыстық бұйымдар функционалдық және мәдениеттанулық типология тұрғысынан жіктеліп, ұқсастықтары мен айырмашылықтары жүйеленді. Бұл бағытта Клод Леви-Стросс, Умберто Эко еңбектері әдіснамалық негіз ретінде қолданылды.

6. Қазақ және ноғай халықтарының рухани мәдениетінде ортақ архетиптер мен дүниетанымдық параллелизмдер анықталды. «Қобыланды батыр», «Қырымның қырық батыры», «Орақ-Мамай», «Едіге» эпостары арқылы тарихи жад пен мәдени кодтардың сабақтастығы дәлелденеді. Сонымен қатар, діни жүйеде ислам мен дәстүрлі наным-сенімдердің синкреттілігі «халықтық ислам» құбылысы ретінде қарастырылып, оның көшпелі дүниетанымдағы орны негізделді. Бұл үрдістер қазіргі мәдени трансформациялармен сабақтастықта қарастырылып, қазақ-ноғай мәдени сұхбаттастығын сақтаудың жаңа модельдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы.

Диссертацияның қорытындысы барысында анықталған негізгі шешімдер, қазақ және ноғай халықтары мәдениеттерінің теориялық және практикалық түрде зерттелуін арттыра түседі. Сонымен бірге болашақта материалдарды мәдениеттерді салыстырмалы талдауда және семиотикалық талдау жүргізуде қолдануға болады. Себебі диссертация құрылымы теориялық материалдарды қамти отыра жасалған даладық зерттеулер нәтижесі авторлық түсінік беру және түрлі ғылыми әдістер қолдану арқылы жасалған.

Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі және жариялануы.

Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 5 мақала жарық көрді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны

қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 3 («Адам әлемі» философиялық және қоғамдық-гуманитарлық журналы, «ҚазҰУ хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы») ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында – 1, Scopus мәліметтер базасына кіретін «Frontiers in Communication» (Швейцария) журналында 1 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының талқылануы.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы және философия кафедрасының 2026 жылдың 17 сәуіріндегі кеңейтілген мәжілісінде (№10 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жалпы көлемі – 158 бет.

тексердім